

ТУУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

Сенбі

жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

МАЯЛАРЫ

женті баяндамада
зіле бермей, жү
не оның болу
а тиіс. Демек,
я ұйымы жұмы
орытынды жасап,
V съезінің және
ясы қарарлары
ы толық баян
ы тұрғыдан жа
егаттардың кең
өзара сынды
й туғызылады.

көзімен қарап,
анды ету үшін
емшілікті бағыл
е білу — біздің

Сондықтан а
циялары болыс
ын ұранымен өт
ын және өзара
ң қуатты қозғау
«Өйткені, біздің
ал және револю
іздің аса маңыз
етіп қоюымыз
суга болмайды.
» (И. Сталин).

р делегаттары
емшіліктер мен
өзінің ондай
ері болса, олар-

Егін жыйнау—маусымды жұмыс

Менің уәдем

Менің комбайншы болып істегеніме бірталай жыл болды. Осы уақыттың ішінде бірнеше мың гектар жердің егінін жыйнадым. Егер машина жақсы күтілсе, оның тілін жақсы білсең, ол ешқандай бөгетсіз жұмыс істейді. Мұны өз тәжірибемен айқын көріп жүрмін. Сондықтан да комбайнды жөндегенде мен оның әрбір бөлшектерін өте қадағалап қараймын.

Өткен жылы бірінші рет өздігінен жүретін комбайнмен жұмыс істеп, едәуір табысқа жеттім. «Путь Ленина» колхозында 614 гектар жердің егінін жыйнадым да, 360 килограмм жанар майын үнемдедім.

Быйыл «Путь Ильича» колхозының егінін жыйнамақпын. Бұл колхоздың өзгешелігі бар. Ол өзгешелік — колхоз ауданының солтүстігінде, оның егіндері ағаштың арасында, егін алаңдары үлкен емес, бөлшек-бөлшек. Сондықтан мен осы жағдайды ескеріп, быйыл егін жыйнауға үдемелі әдіспен сағаттық график бойынша жұмыс істегелі отырмын.

Комбайнмен егін жыйнайтын алаңды түгел арап көрдік. Бастырылған дәнді комбайннан бөгетсіз тасып отыру жөнінде колхоз басшыларымен келісім жасалды.

Ұлы Еділ—Дон су жолы



В. ЗВОНКОВ,
ССРО Ғылым академиясының
мүше-корреспонденті



Еділ—Дон кеме қатынасы каналы салынып, іске қосылды. Совет халқы большевиктік партияның басшылығымен, Сталиннің жетекшілігімен бейбіт еңбек майданында аса көрнекті жеңіске ие болды. Жаңа су жолына Владимир Ильич Лениннің мәңгі өшпес есімі берілді.

Советтік алдыңғы қатарлы ғылым мен техника негізінде бұрын-соңды болмаған қысқа мерзім ішінде Еділде, Донда, Днепр мен Амударияда жүзеге асырылған коммунизмнің ұлы құрылыстары біздің елімізде коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын құрудың сталиндік данышпандық жоспарының негізгі бір бөлегі болып табылады.

Жаңа су техникалық құрылыстардың транспорттық маңызы өте-өте зор. Бұл жөнінде, әсіресе, Еділ—Дон каналын атап айтуымыз керек.

Аса ірі екі өзенді қосудың маңызылығын біздің ертедегі ата-бабаларымыз да жақсы түсінген болатын. Еділ—Дон орыс халқының бірнеше ұрпақтарының арманы еді. Мұндай қосылу бұрынғы кезде шамасы 5 километр бойына кіші-гірім кемелерді ылдыйларға қарай бір тармақтан екінші тармаққа қатоктар арқылы «тасымалдау» деп аталатын қолданылып жүрген, Еділдің оң жақ тармағы Камышинка және Донның Иловль өзені ауданындағы географиялық жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін еді.

Бұл жерде XVIII ғасырдың аяқ шенінде Петр Бірінші канал қазуға әрекеттенді. Бірақ, ол сәтсіз болды. Екінші рет ол Еділ мен Донның жоғарғы жағында Ока мен Ула өзендері бойында бірнеше жылдан кейін тағы да канал қазуға әрекеттенді. Мұнда жасалған су жолы қолайсыз болып шықты. Судың жеткіліксіздігі салдарынан көптеген ұсақ шлюздер салуға тура келді. Сонымен қатар, бұл жол үшін, экономикалық жағынан алып қарағанда, аталған жер дұрыс іріктеліп алынбаған: өйткені, мұнда Еділ бассейнінің негізгі жүктегі ағарыбайтын

ды. Бұған қоса Еділ—Дон каналының Совет су жүйесін Дунай маңайындағы халықтық демократия елдерінің, атап айтқанда, Румынияда салынып жатқан Дунай—Қара теңіз тұзу каналы, жолдарымен байланыстыратындығын айта кету қажет.

Талу уақыттың ішінде Еділ—Дон жолы Каспи теңізі және Түркмен Бас каналы арқылы Орта Азияға да шығады.

Еділ—Дон мәселесінің шешілуі—совет халқының творчестволық еңбегінің салтанаты, социалистік индустрияның, отандық ғылым мен техниканың аса ірі табысы. Шын мәнінде, аса көрнекті еңбектегі ерлік жасалды. Қысқа мерзімде—үшжарым жыл ішінде уникалды автоматтандырылған 13 шлюзі бар ұзындығы 101 километрлік Еділ—Дон кеме қатынасы каналы, қуатты үш насос станциясы, 13 плотина мен дамбалар, пристаньдар, көпірлер, жолдар және көптеген басқа да аса күрделі құрылыстар; құрамында қуатты 160 мың киловатқа жететін су электр станциясы бар Цимлянск су торабы, ұзындығы 13 километрге жақындайтын топырақтан жасалған плотина, ұзындығы жарты километрлік бетонды су ағызғыш, кеме жүретін екі шлюз, олардың арасындағы кеме қатынасы каналы, Аван-порт және сол сияқтылар; Донның суландырығын магистралды каналы, жалпы ұзындығы 192 километрлік Төменгі—Дон және Азов су бөлігіш каналдары, ақырында, жалпы ұзындығы 174 километрлік Сталинград темір жолындағы Морозовская станциясынан Цимлянск су торабына дейін және бұл тораптан Куберле станциясына дейін баратын темір жол салынды.

әуе транспортын өркендетуге де әсер ететіндігі сөзсіз.

Сталин жолдас 1946 жылы 9 февральда сайлаушылардың алдында сөйлеген тарихи сөзінде былай деді: «Өнеркәсібімізді жыл сайын 50 миллион тоннаға дейін шойын, 60 миллион тоннаға дейін болат, 500 миллион тоннаға дейін көмір, 60 миллион тоннаға дейін мұнай өндіріп отыратын етуіміз керек».

Халық шаруашылығының осы негізгі салалары өндірісінің өсуіне байланысты транспорттың барлық түрлерінің тасымал көлемі орасан зор ұлғаяды және кәзіргі дәрежесінен әлде қайда өсе түседі.

Еділ—Донды қосудың бүкіл комплексін құруда советтік ғылым зор еңбек сіңірді.

Еділ—Донда 152 миллион текше метрден аса жер жұмыстары, 3 миллион текше метрге жуық темір-бетон және бетон жұмыстары атқарылды, 45 мың тоннаға жуық металл конструкциялары мен механизмдер монтажданды.

ССРО Министрлер Советінің Еділ—Дон кеме қатынасы каналын ашу жөніндегі қаулысына бұл каналды және Цимлянск су торабын салуда отандық өндірістің қуатты және өнімді машиналары мен механизмдері қолданылды деп атап көрсетілген. Құрылыстың барысында гидротехника саласындағы бірсыпыра маңызды ғылыми, техникалық мәселелер шешілді.

Геологиялық кыйын жағдайларда ірі гидротехникалық құрылыстар салу мәселесін шешу ғылымның ірі жеңісі болып табылады. Дүниежүзілік тәжірибеде қысқы жағдайлардың өзінде топырақ плотинасына топырақты шапшаң әдіспен сумен үю әдісінің қолданылуы гидротехниканы өркендетуге қосқан аса көрнекті үлес болып табылады. Совет ғалымдары, инженерлер, құрылысшылар жер астының суын төмендетудің жаңа тәсілдерін жасады.

Еділ—Донның құрылысшылары ССРО Ғылым академиясының мүшесі болып табылды.

аудандық партия комитеттерінің жұмысында кездеспей отырған жоқ. Міне, аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы бұл сыяқты және басқа да кемшіліктер батыл сыналуга тиіс.

Конференцияның идеялық жағынан жоғары дәрежеде өтуі көбінесе есепті баяндаманың қандай дәрежеде жасалуына бай-

Аудандық партия комитеттері мен колхоз, совхоз және МТС партия ұйымдарының партия-ұйымдық және партия-саяси жұмыстарын жақсарту түсіні, колхозшыларды, МТС, совхоз қызметкерлерін совет халқының коммунизм жеңісі жолындағы күресіне өз үлестерін қосуға жұмылдыра беретіндігі сөзсіз.

Көкшетаудың жаңа құрылыстары

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Облыс орталығы. —Көкшетау жылдан жылға жақсарып, көркейіп келеді. Қаланың орталығында қалалық партия комитетінің үйі салына бастады. Механика заводының жұмысшылары мен қызметшілері 12 пәтерлі екі қабатты жаңа үйге орналасады. Олардың

балалары үшін балалар бақшасының үйі салынып жатыр. Куйбышевтың музей-үйінің ғылыми қызметкерлеріне арналған жаңа үй салынауда. Қалалық мәдениет үйінің залы қайта жасалуда. Сауда ұйымдары жаңа магазиндер мен қоймалар салуда.

жұмыстық қажеті де тыңғылықты өтелмек. Элеватордың астық қабылдауға әзірлігін арнаулы комиссия ойдағыдай деп тапты.

Б. ЖАҢЫПОВ.

Артта қалып отыр

МАМЛЮТКА. Вильямс атындағы МТС-тің егін орағына тыңғылықты әзірленуге мүмкіншілігі жеткілікті. Солай бола тұрса да, МТС механизаторлары арасында бомбайн және басқа егін жыйнау машиналарын жөндеу қарқыны мейлінше бәсең жүргізіліп келеді. Мұнда 20 июльге дейін қолда бар комбайндардың тең жартысынан аз-ақ артығы жөнделген, яғни комбайн жөндеу жоспары небары 58 процент ғана орындалып отыр.

да келтіру қажет болды. Сталинград және Куйбышев су тораптарының салынуымен бірге, Еділ —Донның бүкіл қайта қалпына келтірілген еділдік су жолының комплексі, Еділ —Дон каналы, Цимлянск теңізі және Төменгі Дон толыққа жуық аяқталады. Біз «толыққа жуық» дейміз, өйткені, Еділ—Кама және Дон бассейндерін оған әрі қайта жасаудың жоспарлары бар.



Еділ —Дон су жолы көзіндік өзінде В. П. Ленин атындағы каналдың іске қосылуы арқасында Азов және Қара теңіздер арқылы Днепр жүйесімен қосылды. Қара теңіз бассейні мен еділдік және Солтүстік —Батыс бассейні кеме қатынасы өзендерінің 30 мың километрге жуық ұзақтықтағы жолдары арқылы экономикалық байланыс жасалып тұра-

тар салынған. Ол қада, Солтүстік (Донбасқа шығатын) Донның сағасындағында салынады.

Ірі өзендердің хань, Дондағы Рә транспорттық торап рылады. Оларда және темір жол млісіндегі жүктернетін болады.

Коммунизмнің жүк айналымының магистралін, терең басқа да су жолдары Москва транспорт арттырады.

Бұл құрылыста



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Алғашқы кемелердің шлюзден өтіп бара жатқан кезі, 2. Мариновск насос станциясында, кезекші инженер комсомолка О. Н. Иванова, 3. № 13 шлюз.

Ш А Р А

Шара республикамыздың атакты бишісі. Өзінің творчестволық қызметімен қазақ совет искусствосын жасауға және өркендетуге белсене қатысып келе жатқан артистка.

Шараның репертуарына соңғы кезде ССРО халықтары мен халықтық демократия елдері халықтарының ән-билері көптеп енгізілген. Концерттің тақырыбы— алдыңғы қатарлы адам баласының ой-тілегі. Концертте бірінші болып орындалған композитор Латиф Хамидидің «Бейбітшілік туралы» әні мен сол әнге негізделіп құрылған би залдағыларды өзіне бірден-ақ тартып алды.

Шараның программасы әралуан және шебер құрылған. Солардың ішінде халыққа жақсы әсер еткен корей халқының «Ариран» атты әніне құрылған би. Би мазмұны жағынан үш бөлімнен тұрады: бірінші—бейбіт еңбек, екінші—американ басқыншыларының тыныш жатқан елге кенет шабуыл жасауы, үшінші—халықтың ыза келгі және түпкілікті жеңіске деген зор сенімі. Би өзінің құрылысы жағынан да орындалуы шеберлігі жағынан да өте төркем шыққан. Сонымен бірге, корей халқының жігерлі әнін төрт музыкалы аспаптың өзі тыңдаушыларға түсінікті етіп жеткізе білді.

Шараның Ұлы қытай халқының көсемі Мао-Цзе-дунге арналған халық әні «Дунфангонды» орындауы да тыңдаушыларға өте ұнады. Қытайдың өз тілінде айтылған өлең, шебер орындалған би, ұлттық киім Шара арқылы жұртшылыққа зор әсер етіп, совет—қытай халықтары берік достығының куәсіндей болып көрінді. Бұл биле—Шара творчествосының ірі табысы.

Техникалық жағынан шебер қойылған билің бірі Индия халық биі. Биде халықтық мотив жақсы қамтылған. Бидің музыкасы қою, жай үнмен басталып, Индия халқының өмірін, тұрмысын көз алдына елестетелі. Музыкадан көрінген осы аумақта

лешекте сыртқа теуіп шығатындай болып көрінеді.

Гүлденген Советтік Қазақстанның кәзіргі бейнесі мен революцияға дейінгі қазақ елінің психологиялық пішіні Шараның орындауындағы екі биден айқын көрінеді. Мәселен, халықтың «Бал қурай» әніне құрылған биден қазақтың ескі өмірі, оның ой-санасы байқалғандай болса, Л. Хамидидің «Қазақ вальсін» орындағанда, кәзіргі Советтік Қазақстан бақытты жарық бейнесімен түгел көз алдына келеді. Шара бұл биді өте жақсы орындады.

Сондай-ақ, концертте грузин, белорусс, чех, татар, өзбек, эстон билері тартымды орындалды.

Дегенмен кейбір билерді орындауда кемшіліктер байқалды. Мәселен, азербайжан әні «Сурей» бойынша құрылған билің әнінің мазмұнын ашып бере алмайды. Сол сияқты, қырғызша орындалған ән мен билің де көркемдік жағы төменірек. Сонымен қабат, айта кететін бір нәрсе жалпы билерді құруда өмірдегі барлық іс әрекет, қыймыл өте көп келтіріледі. Кей жағынан мұндай тұрмыстағы іс әрекет көркемөнерге қатысуы билің мазмұнын жете түсінуге жәрдемші болады. Бірақ, осылар биле әдеттегіден көркем қойылуы керек.

Тұтас алғанда Шараның концерті халыққа жақсы ұнады.

Шара өзінің репертуары мен творчестволық жолда көп еңбек ететіндігін, ізденгіштігін көрсетті. Оның барлық қыймылынан актерлік үлкен шеберлік, бір құбылыстан екіншіге тез шебер ауысушылық көрінеді. Аздаған кемшіліктеріне қарамастан бұл концерт сөзсіз көркемөнер шеберлігінің творчестволық елеулі табысы екенін байқатты.

Концертті жүргізуші Лукошенко залдағыларды орынды көңілдендіре білді.

Қ. ҚАНҒОЖИН,

Москваның А. В. Луначарский атындағы мемлекеттік театр искусствосы

Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы атқару комитеті сессиясының дүние жүзі әйелдеріне арнаған үндеуі

БУХАРЕСТ, 23 июль. (СОТА). Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы атқару комитетінің XIII сессиясы дүние жүзінің әйелдеріне арнап үндеу қабылдады.

Үндеуде былай делінген:

Барлық елдердің әйелдері!

1952 жылғы 5 декабрьде Венада халықтардың бейбітшілікті қорғау конгресі шақырылады. Оған халықтар арасындағы келіссөздер мен ынтымақ рухының зорлық-зомбылық пен жаңа соғыс рухынан мерейі үстем болуын тілейтін адамдардың бәрі жыйналады.

Өз сәбиінің бесігіне үнілген жас ана; соғыстың жантүршігерлік қаталдығын білген қарт ана; үміт кернеген жүрегімен өмірге аяқ басқан жас қыз; өзінің қолымен материалдық байлық жасаушы жұмысшы әйел; егін даласында алтын астын өсіруші шаруа әйел; ардақты сезімде адам тәрбиелеп өсіруші мұғалима мен жазушы әйел; адамның өмірі мен денсаулығын сақтаушы дәрігер мен медсестра; адамның өмірін гүлдендіріп, игілікке кенелтуге тиісті ғалым әйел мен артистка!

Дене түсің қандай болса да, дінің және саяси сенімің қандай болса да, қайда тұсаң да, қолайлы тұрмыста немесе мұқтаждықта өмір сүріп отырсаң да, әрбір әйел,—халықтардың бейбітшілікті қорғау конгресі сенің де конгресің, өйткені, соғыс сенің өміріңді, сенің үмітіңді бұзу, сен сүйетін және сені сүйетін адамдардың бәрін жою хауіпін туғызып отыр.

Бұл хауіп төніп тұрғанда өзіңнің селқос отыра алмайтыныңды сен есте тұтуға тиістісің.

Соғысқа жол бермеуге болатының, бар-

лық халықтардың біріккен күшімен бейбітшілікті сақтауға болатының, сонда аяның өз ұлдарының құрбандық немесе жеңдет болғанын көріп жаны түршігуіне тура келмейтінің ұмытпа!

Халықтардың конгресі—тендесі жоқ мінбе. Бұл мінбеден әйелдер мен еркектер өздерінің бейбітшілікке ұмтылған еркін білдіреді, бейбітшілікті сақтаудың жолдары мен амалдарын көрсетеді.

Әйел!

Сен тезінен іске кірісуге тиістісің! Бейбітшілік жолындағы әрбір күрескер—сенің балаңның және сенің семьяның бақытының қорғаушысы екенін есте сақта!

Үйден-үйге кіріп, халықтардың бейбітшілікті қорғау конгресінің шақырылатынын хабарла!

Басқа сенімдегі, басқа діндегі әйелдерге барып, олармен бірге халықтардың конгресіне өздеріңіз сайлаған делегаттарыңыз тапсыратын қарарларды талқылап белгілеңдер.

Соғысқа жол бермеу керек екенін және жол бермеуге болатының өзіңнің туысқандарыңа, достарыңа және көршілеріңе қажырлылықпен түсіндірі!

Кореядағы соғысты тоқтату керек!

Қару-жаракты азайту керек!

Атом және бактериологиялық қаруға, жаппай қырғын қаруына тыйым салу керек!

Неміс және жапон милитаризмінің қайта туғызылуына жол бермеу керек!

Бейбітшілік Шартын жасау керек!

Әйел, сенің еркін миллиондаған басқа семьялардың еркімен бірігіп, бейбітшіліктің мызғымас берік күшіне айналса, сонда бейбітшілік салтанат құрады!

Поляк және неміс халықтарының достығы

айында шыққан бір номерінде былай деп жазады:

«**Нөктерек**» колхозының колхозшылары шөп шабу, парды және егісті күту жұмыстарымен қатар, егін жыйнауға да қызу әзірленуде. Мұнда кәзірдің өзінде астық қоймалары толық әзір, таразы шаруашылығы тәртіпке келтірілді. Қолда бар 7 лобогрейнадан 4 лобогрейна сапалы жөнделді. Сол сыяқты, 25 мәшікті арба астық тасуға дайын тұр».

Газетте Совет МТС-нің комбайншысы В. Гащенко жолдастың егін жыйнауға өз агрегатының әзірлігі жайындағы мақаласы жарияланған.

«Мен быйыл, — дейді ол, — Ленин атындағы колхоздың егін даласында жұмыс істеп, 25 жұмыс күні ішінде 1000 гектар егін жыйнаймын, да 16000 центнер астық бастырамын. Кәзір агрегаттағы комбайндар толық жөнделді. Мен агрегатта жұмыс істейтін адамдарды кәзірдің өзінде-ақ іріктеп алдым».

Мал азығын дайындау — кәзіргі шұғыл міндет

Булаев аудандық «Путь Ильича» газетінде ауданның колхоздары мен совхоздарында мал азығын дайындаудың барысы жиі жазылып тұрады.

«Страна Советов» ауылшаруашылық артелінде кең қамтығыш шөп машинасын да жұмыс істейтін машинист Филипп Кравченко және тракторшы Евгения Леванова жолдастар социалистік жарысқа ұштаса отырып, егін жыйнау жұмыстары басталғанға дейін 1600 гектар жердің шөбін шабуға міндеттенді, олар сол міндеттемелерін аброймен орындау жолында кәзір қажырлы еңбек етуде.

«Қазақ ССР еңбекшілерінің көсе-

лар күніне норма бойынша 20 гектар жердің пішенін шабуға тиіс болса, кәзір 37—38 гектар жердің шөбін шауып жүр».

Газетте бұлардан басқа мал азығын дайындау жұмысында қажырлы еңбек етіп жүрген Қарағанды астық совхозының Степан Лященко және Николай Дмитриенко сыяқты жұмысшылардың қажырлы еңбегі көрсетілген. Олар пішен шабудың алғашқы күнінен бері жұмыс қарқынын бәсеңдетіп көрген емес. Сол сыяқты, Мария Познизова жолдас басқарған шөп маялаушылар звеносы кәзірдің өзінде бір мың центнерден астам шөп үйіп, күнделікті норманы 150—200 проценттен орындап отырғандығы айтылған.

Маңызды іске назар аударғандық

Соңғы кезде Мамлют аудандық «Знамя труда» газетінде өндіріске жаңалық әдістерді енгізу мәселесі жиі жарияланып жүр. Бұл — сүйсінерлік іс.

«Знамя труда» газеті өзінің июль айындағы бір санында осы жаңалық әдістердің Мамлют жөндеу-механикалық зауытында өндірісте кеңінен пайдаланылып жүргендігі жайына тоқталған. Заводта Корякин, Иванов, Илларионов, Базанцев және Вермский сыяқты стахановшылардың бар екендігін айта келіп, газет былай деп жазады:

«Завод өзінің жаңалық тапқыштарымен де бай. Олардың творчестволық ой-пікірлері заводта бұған дейін шешуі қыйын болып келген өндірістік мәселелерді жете шешуге жағдай туғызды. 1951 жылы заводтың жаңалық тапқыштары өндіріске 43 ұсыныс енгізді. Ол ұсыныстардың кейбіреулерін пайдаға асыру нәтижесінде он мың сомнан астам мемлекет қаржысы үнемделді, ал, үстіміздегі жылдың өзінде 48 жаңалық ұсыныс енгізіліп отыр».

Жарияланбаған хаттардың дерегі

Тиісті шара қолданылды

Мектептерде оқу аяқталмай тұрып, Октябрь ауданындағы Кеңес орта мектебі оқушыларынан редакцияға хат түскен болатын. Онда, мектепте соңғы кезде оқушылардың оқуды үлгеруі төмендеп кеткендігі, мектеп басшылары тарапынан мұғалімдердің сабақ беру сапасына бақылау жеткіліксіз екендігі және оқушылар арасында тәлім-тәрбие ісі қанағаттанғысыз жүргізіліп келгендігі айтылған еді.

Облыстық оқу бөлімі бізге газетте жарияланбаған тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер анықталғандығын хабарлады. Октябрь аудандық партия комитетінің бюро мәжлісінде мектеп директоры Б. Жағыпаров жолдастың баяндамасы тыңдалып, оқу-тәрбие жұмысында елеулі кемшіліктерге жол бергені үшін ол ескертілген, совет мұғаліміне лайықсыз қылықтары үшін мектептің оқу ісін меңгерушісі Мұқановқа сөгіс жарияланған.

«Көшеновтың қыдыруы немен тынар екен?»

ҚК(б)П Совет аудандық комитеті редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесін редакцияға хабарлап, хатта көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын білдірді.

«Совет» колхозы бастауыш партия ұйымының жыйналысында тексерістің қоры-

тындысы талқыланып, колхоз председателинің орынбасары Айдархан Көшеновтың шаруашылық жұмыстарға атүсті қарап, уақыттың көбін қыдырумен өткізіп жүргені қатты сынға алынды. Партия жыйналысы одан колхоз өндірісіндегі жұмыстарды жолға қоюды қатты талап етті.

арналған кең мәжлістерге бұқатері, өнеркәсіп позаттары, әскери Бухарест қалалық комитетінің мәжлісін ондаған өкілдің бәрі де мемжобасын толықтине, жұмысшы

ХА.

ПХЕНЬЯН, 24-лық-Демократиял армиясының Баслық армиясы құреріктілерімен бірағылшыны интервшыл әскерлергерын жүргізгендігтехника жағынаратқандығын хабатаның бір батапозицияларына

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ЖӘНЕ ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДАҒЫ ВКЛАДТАР ССШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУГЕ КӨМЕКТЕСІДІ

ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫ

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатады және сатып алады.

ЗАЕМ БОЙЫНША ЖЫЛ СЛЫН

Негізгі алты ұтыс тиражы және бір қосымша тираж өткізіледі.

БЕЛГІЛЕНГЕН ҰТЫС МӨЛШЕРЛЕРІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ

100.000 сом, 50.000 сом, 25.000 сом, 10.000 сом, 5 мың сом, 1 мың сом және 400 сом

Кезекті 28-ұтыс тиражы 1952 жылғы 30 июльде өткізіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

ЖЫЙНАҚ КАССАЛА

Вкладчик өзі талап етіп алатын, қысартты және ағымдағы есепке

ВКЛАДТАР ҚАБЫЛ

талап еткен уақытында ВКЛАДТА Вкладчиктердің сұрауы бойынша в кассасынан екінші жыйнақ кассасына Аккредитивтер береді және төлейд Жыйнақ кассаларына сақтауға беша процент және ұтыс ретінде кіріс Жыйнақ кассаларына сеніп берілг заттардың сақталуына ССРО үкметі

ВКЛАДАРЫҢЫЗДЫ ЖЫЙНАҚ САҚТАУҒА БЕРІҢІЗДЕР!

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет